

8D04101 – Экономика білім беру бағдарламасы бойынша  
PhD философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған  
«Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігі: әдіснамалық негіздері, даму  
үрдістері мен перспективалары» тақырыбындағы докторант  
Мусабекова Айнаш Орикбаевнаның  
диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

**ШКІРІ**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің қалыптасуы мен дамуы — елдің әлеуметтік-экономикалық жүйесін жаңғыртудағы маңызды факторлардың бірі. Әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігін арттыру гендерлік теңдікті нығайтуға, жұмыспен қамтуды кеңейтуге және шағын және орта бизнесті дамытуға елеулі үлес қосады. Осыған байланысты, әйелдер кәсіпкерлігінің әдіснамалық негіздерін, даму үрдістері мен болашағын ғылыми негізде зерттеу – өте өзекті мәселе. Кәсіпкерлікті ғалымдар әртүрлі тұрғыдан зерттегенімен, олардың тұжырымдарында ортақ ұқсастықтар бар. Көптеген зерттеушілер кәсіпкерліктің негізгі белгілері ретінде экономикалық және динамикалық белсенділікті, инновацияны енгізуді, тәуекелге баруды және пайда табу мақсатында әрекет етуді атап өтеді. Кәсіпкерлік — бұл экономикалық қызметтің бір түрі, себебі ол компания құру және басқару арқылы құн мен байлық қалыптастыруды, сонымен қатар шектеулі ресурстарды тиімді пайдалануды көздейді. Искерлік орта үнемі өзгеріске ұшырайтындықтан, кәсіпкерлік динамикалық күш ретінде сипатталады.

Сондықтан, әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға бағытталған ұлттық жобаларды іске асыру қажеттілігі тұрғысынан, диссертациялық зерттеу тақырыбы өзекті және заман талабына сай болып табылады.

**Негізгі ғылыми нәтижелері.** Мусабекова А.О. өз зерттеуінде әйелдер кәсіпкерлігінің эволюциялық дамуын, институционалдық ортасын, сондай-ақ

Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, әйелдер бизнесінің модельдерін терең талдаған.

Диссертацияда әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға әсер ететін ішкі және сыртқы факторлар жүйеленіп, әдіснамалық негіздеме жасалған. Автор әйелдердің кәсіпкерлік қызметке тартылуындағы мотивациялық ерекшеліктер мен кедергілерді айқындап, өңірлік айырмашылықтарды көрсететін эмпирикалық зерттеулер жүргізген.

Ғылыми жаңалығы – әйелдер кәсіпкерлігінің ұлттық моделін қалыптастыруға арналған авторлық тұжырымдамалар мен бағалау көрсеткіштерінің ұсынылуы.

### **Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы.**

Зерттеуде ұсынылған тәсілдер мен теориялық тұжырымдамалар әйелдер кәсіпкерлігінің дамуын бағалаудың ғылыми аппараты ретінде пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, жұмыс гендерлік экономика, кәсіпкерлік теориясы, еңбек нарығындағы құрылымдық өзгерістер және әлеуметтік инновациялар саласындағы ғылыми ізденістерге жаңа көзқарастар ұсынады. Әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуметтік рөлі мен оның қоғамдағы орнына қатысты теориялық пайымдаулар гендерлік саясатты жетілдірудің негізі бола алады. Осыған орай, бұл зерттеу әлеуметтік ғылымдар жүйесінде гендерлік кәсіпкерлікті жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырудың қажеттілігін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері еліміздегі әйелдер кәсіпкерлігін мемлекеттік қолдау саясатын жетілдіруге, тиісті бағдарламалар мен құралдарды тиімді жобалауға, сондай-ақ гендерлік теңдікке негізделген экономикалық саясат жүргізуге мүмкіндік береді.

Практикалық ұсынымдар жергілікті және ұлттық деңгейдегі экономикалық даму бағдарламаларына енгізуге лайық. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс жоғары оқу орындарының экономика және кәсіпкерлік бағытындағы білім беру бағдарламаларында қолдануға жарамды.

Жалпы, Мусабекова Айнаш Орикбаевнаның диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми еңбек болып табылады, зерттеу өзектілігімен, теориялық тереңдігімен және практикалық құндылығымен ерекшеленеді.

Диссертациялық жұмыс ҚР БҒМ бекіткен талаптарға толық сәйкес келеді және автор 8D04101 – Экономика білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Ғылыми кеңесші,**

**“Astana IT University” ЖШС**

**Академиялық қызмет жөніндегі проректоры,**

**э.ғ.к., профессор**



**Г.С. Ақыбаева**